

Қаржыландыру жобасын қарауға қажетті құжаттар

Қоғамға қаржыландыру алу мақсатында жүгінген кезде Өтініш беруші уәкілетті тұлғамен құжаттардың келесі нысандарын толтырады, қол қояды және мөрмен растайды:

- осы Тізбенің 1-1/1-2 қосымшаларына сәйкес Өтініш нысаны;
- осы Тізбенің 1-3 қосымшасына сәйкес Сауалнама нысаны;
- осы Регламенттің 2-1/2-2 қосымшаларына сәйкес жеке/заңды тұлғаның кредиттік тарих субъектісінің кредиттік бюроға ол туралы ақпаратты беруге және кредиттік бюродан кредиттік есеп алуға келісімі.

* (заңды тұлғалар үшін Өтініш берушінің заңды тұлғаның жарғылық капиталы мөлшерінің 10%-дан астам үлесі/акциялары бар қатысушыларының/акционерлерінің барабар келісімдері қосымша ұсынылады)

Аталған құжаттармен Өтініш беруші Қоғамға келесі құжаттардың аз пакетін ұсынады:

1. Өтініш беруші – заңды тұлғаларға арналған құжаттар тізбесі (міндетті пакет)		
1.1.	Заңды тұлғаның бизнес-жоспары немесе қаржыландыру алуға техникалық-экономикалық негіздемесі. <i>*құжаттар жоқ болған кезде, Өтініш беруші осы Тізбенің № 1-4/1-5 қосымшаларына сәйкес нысанды толтырады</i>	Түпнұсқа не түпнұсқаның электронды көшірмесі
1.2.	Өтініш берілген күнге дейін 1 (бір) айдан ерте емес мерзімде қызмет көрсететін қаржы ұйымдардан (банктерден, лизингтік компаниялардан, кредиттік серіктестіктерден және кредиттік ұйымдардан) кредиттік берешегінің болуы (болмауы) туралы анықтамалар <i>*несиелік берешек болған жағдайда қосымша ұсыну қажет: кредиттік тарих жөніндегі құжаттар көшірмесі (қаржыландыру шарты, кепіл шарты, өтеу кестесі және т.б.)</i>	Түпнұсқа не түпнұсқаның электронды көшірмесі/ ЭЦҚ қойылған электронды құжаттың қағаз көшірмесі
1.3.	Барлық өзгерістер мен толықтырулары көрсетілген Жарғы. <i>* Жарғыда қатысушы/лар туралы, сондай-ақ оның жарғылық капиталдағы үлесінің/акцияларының мөлшері туралы толық ақпарат болмаған жағдайда, қосымша ұсынылу қажет: құрылтай шарты;</i> <i>* қатысушылардың тізілімін жүргізуді орталық депозитарий жүзеге асыратын АҚ және ЖШС/ТҚҚ үшін, қосымша ұсынылу қажет: өтініш берілген күнге дейін 1 (бір) айдан ерте емес мерзімде барлық қатысушыларды/акционерлерді және оларға тиесілі үлестерді/акцияларды көрсете отырып, бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімдері жүйесінен үзінді көшірме.</i> Қайта тіркелуді растайтын құжаттар <i>*ЖШС/ТҚҚ үшін, қаржыландыру туралы өтініш берген күнге дейінгі соңғы 3 (үш) жылда осы факт болған кезде заңды тұлғаның барлық тіркеу әрекеттері туралы электронды үкімет порталы қалыптастыратын мәліметтерге сәйкес, соның ішінде қатысушы(лары)ның өз үлес(тер)ін иеліктен шығару жолымен қатысушылар құрамы өзгерген жағдайда (шаруашылық серіктестікке қатысушылардың тізілімін жүргізуді бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысы жүзеге асыратын серіктестіктерді қоспағанда) заңды тұлғаның қайта тіркелгенін растайтын құжаттар:</i> - жарғылық капиталдағы үлес(тер)і жаңа меншік иесіне/иелеріне (сатып алу-сату/сыйға тарту шарты және т. б.) өткен құжаттар; - сатып алынған үлестің құнын төлегенін растайтын құжаттар - үлесті ақылы сатып алу кезінде ұсынылады; - немесе үлесті иеліктен шығарушы тараптан шағымның/талаптың жоқтығын нотариалды куәландырылған жазбаша растау.	Қағаз көшірмелер ^{1,2} не электронды көшірмелер

1.4.	Заңды тұлғаның/сенім білдірілген тұлғаның атқарушы органы бойынша құжаттар: - уәкілетті органның атқарушы органды құру туралы және атқарушы органның басшысын немесе құжаттарға қол қоюға уәкілеттік берілген не заңды/жеке тұлғаның атынан шешім қабылдайтын адамды сайлау туралы шешімі; - бірінші басшыны тағайындау туралы бұйрық, тиісті сенімхат және т. б.; - бірінші басшының/сенім білдірілген тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат. <i>* АҚ үшін қосымша ұсынылу қажет:</i> АҚ Директорлар Кеңесін сайлау/тағайындау туралы уәкілетті органның шешімі/хаттамасы; <i>* заңды тұлғада өзге де жұмыс істеп тұрған уәкілетті органдар (байқау кеңесі және т. б.) болған жағдайда қосымша ұсынылады:</i> олардың құрылуы және мүшелерін тағайындау туралы шешімдер; <i>*егер заңды тұлғаның итат кестесінде бас бухгалтер не құжаттарға бірінші және/немесе екінші қол қою құқығы берілген өзге тұлға лауазымы көзделген жағдайда, қосымша ұсынылады:</i> - оның жеке басын куәландыратын құжат; - құжаттарға бірінші және/немесе екінші қол қою құқығы қосымша берілген, сондай-ақ бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікке қол қою бойынша өкілеттіктер жүктелген бас бухгалтерді және/немесе өзге де адамдарды тағайындау туралы бұйрық.	Көшірмелер ^{1,2} не электронды көшірмелер
1.5.	Өтініш берілген күнге дейінгі соңғы 2 (екі) жылдағы және соңғы есепті тоқсандағы дебиторлық және кредиторлық берешекті, тауарлық-материалдық қорларды, негізгі қаражатты, биологиялық активтерді және 10%-дан астам үлесі бар Баланс құрылымындағы баланстың өзге баптары талдап көрсетілген қаржылық есептілік. <i>* Өтініш беруші осы Регламенттің № 4-1, 4-2, 4-3, 4-4, 4-5 қосымшалары бойынша нысандарға сәйкес қаржылық есептілік жасауға құқылы.</i> <i>* АҚ үшін қосымша ұсынылады:</i> қаржылық есептілікке аудиторлық есептің көшірмесі	Түпнұсқа не түпнұсқаның электронды көшірмесі

2. Жеке тұлғалар – ЖК/ШҚ/ФҚ үшін құжаттар тізбесі (міндетті пакет)		
2.1.	Бизнес-жоспар немесе қаржыландыру алуға техникалық-экономикалық негіздеме. <i>* құжаттар жоқ болған кезде, Өтініш беруші осы Тізбенің № 1-4/1-5 қосымшаларына сәйкес нысанды толтырады</i>	Түпнұсқа не түпнұсқаның электронды көшірмесі
2.2.	Өтініш берілген күнге дейін <i>1 (бір) айдан</i> ерте емес мерзімде қызмет көрсететін қаржы ұйымдардан (банктерден, лизингтік компаниялардан, кредиттік серіктестіктерден және кредиттік ұйымдардан) кредиттік берешегінің болуы (болмауы) туралы анықтамалар <i>*несиелік берешек болған жағдайда қосымша ұсыну қажет:</i> кредиттік тарих (қаржыландыру шарты, кепіл шарты, өтеу кестесі және т.б.) жөніндегі құжаттар көшірмесі	Түпнұсқа не түпнұсқаның электронды көшірмесі/ ЭЦҚ қойылған электронды құжаттың қағаз көшірмесі
2.3.	Жеке кәсіпкер ретінде тіркелген жеке тұлғалар үшін уәкілетті мемлекеттік органды растау. - уәкілетті мемлекеттік орган берген ШҚ/ФҚ мүшелерінің құрамы туралы мәліметтер; <i>* егер ФҚ жай серіктестік нысанында құрылған жағдайда:</i> - бірлескен қызмет туралы шарт (жай серіктестік шарты); - бірлескен қызмет туралы шартқа (жай серіктестік шартына) қатысушылардың біріне берілген бірлескен қызметті басқару және ортақ істер жүргізу өкілеттігі бар сенімхат/тар.	Көшірмелер не электронды көшірмелер

2.4.	ШҚ/ФҚ (жеке кәсіпкер) басшысының жеке басын куәландыратын құжат * егер ШҚ/ФҚ бірлескен кәсіпкерлік нысанында әрекет еткен жағдайда қосымша ұсынылады: - ШҚ/ФҚ басшысының сайланғанын / тағайындалғанын растайтын құжат	Көшірме ^{1,2} не электронды көшірмелер
2.5.	Өтініш берушінің табысын көрсететін немесе растайтын құжат (өтініш берілген күнге дейінгі соңғы 2 жылдағы және соңғы есепті тоқсандағы) не сегменттеуге сәйкес дебиторлық және кредиторлық берешекті, тауарлық-материалдық қорларды, негізгі қаражатты, биологиялық активтерді және үлесі 10%-дан асатын баланс құрылымындағы баланстың өзге де баптары талдап көрсетілген барабар кезеңдегі қаржылық есептілік (төменде келтірілген). Өтініш беруші осы Регламенттің № 4-1, 4-2, 4-3, 4-4, 4-5 қосымшалары бойынша нысандарға сәйкес қаржылық есептілік жасауға құқылы.	Түпнұсқа не түпнұсқаның электронды көшірмесі

3. Төменде келтірілген тиісті фактілер туындаған кезде ұсынылатын құжаттар (қосымша пакет)*:		
3.1.	Егер жоба жер учаскелерінің міндетті түрде болуын көздесе: - өтініш берушінің кәсіпкерлік қызметіне тартылған жер учаскелеріне құқық белгілейтін және сәйкестендіру құжаттары - қағаз немесе электронды көшірмелер; - өтініш берілген күнге дейін 1 (бір) айдан ерте емес жер учаскелеріне тіркелген құқықтар мен ауыртпалықтар туралы анықтамалар - қағаз немесе электронды көшірмелер; - ауыл шаруашылығы дақылдарын жинау туралы № 29 статистикалық нысандардың көшірмелері (соңғы 3 жылда), егін егу қорытындысы туралы № 4 АШ-есеп (соңғы 1 жыл үшін) немесе ауыл шаруашылығы, статистика бөлімі немесе ауылдық округ әкімі барабар кезеңге берген өнімділік туралы анықтама түпнұсқа (заңды тұлғалар үшін) Ағымдағы жыл үшін ауыл шаруашылығы дақылдарын жинау туралы № 29 статистикалық нысанды ұсынған немесе лизинг алушы ағымдағы жылдың 1 тамызына дейін жүгінген жағдайда, №4 АШ анықтамасы сұралмайды; - А-005 сауалнаманың түпнұсқасы не ауыл шаруашылығы, статистика бөлімі немесе ауылдық округ әкімі берген соңғы 3 жылдағы өнімділік туралы анықтама (жеке тұлғалар үшін); * Өтініш беруші 5 (бес) жыл ішінде қаржыландыруға қайта жүгінген жағдайда және Қоғамда Өтініш берушінің жер учаскелерін сәйкестендіретін құжаттар болған кезде, Өтініш беруші жер учаскелеріне тіркелген құқықтар мен ауыртпалықтар туралы анықтамаларды ғана ұсынады.	Түпнұсқа не түпнұсқаның электронды көшірмесі
3.2.	Егер Өтініш берушінің негізгі қызметі мал шаруашылығы болса: - аудандық ветеринариялық инспектордың шаруашылықтың ветеринариялық-санитариялық салауаттылығы туралы анықтамалары. Асыл тұқымды мал қозғалысының технологиялық карталары (24-АШ нысаны) немесе тіркелген жануардың ақпаратынан үзінді көшірменің түпнұсқасы не өтініш берілген күнге дейін 2 (екі) айдан ерте емес соңғы есепті кезеңдегі жыныстық жас топтары бөлінісінде ағымдағы мал басы туралы уәкілетті мемлекеттік орган берген анықтама.	Түпнұсқа не түпнұсқаның электронды көшірмесі
3.3.	Егер мәлімделген Жеткізуші бұрын Қоғаммен жұмыс істемеген болса немесе Қоғаммен соңғы ынтымақтастығы 1 жыл бұрын болса: - нысан бойынша жеткізуші сауалнамасы (осы Регламентке № 5 қосымша). *Егер жобада технологиялық жабдықтың лизингі көзделген жағдайда, кемінде 2 жеткізушіден бірдей жиынтықталған жабдыққа (өтініш берушінің техникалық тапсырмасына сәйкес) балама коммерциялық ұсыныстар ұсынылады.	Түпнұсқа не түпнұсқаның электронды көшірмесі
3.4.	Өтініш берушіде жарғылық капиталында үлесі 10%-дан асатын заңды тұлғалардың қатысушылары болған кезде: осы қосымшаның 1.3, 1.4-	Көшірмелер ^{1,2} не

	тармақтарында көрсетілген құжаттар, сондай-ақ кредиттік бюроға келісім. <i>Өтініш берушіде жарғылық капиталында үлесі 10%-дан асатын жеке тұлғалардың қатысушылары болған кезде: жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелері.</i> <i>Бұл талап өтініш берушінің түпкілікті бенефициары (меншік иесі) анықталғанға дейін орындалады.</i> <i>*Өтініш берушіде дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы мемлекетке тиесілі мемлекеттік кәсіпорындар болып табылатын заңды тұлғалар және онымен үлестес заңды тұлғалар түріндегі қатысушысы болған жағдайда құжаттар ұсынылмайды</i>	электронды көшірмелер
3.5.	<i>Өтініш берушіде мынадай шарттардың біріне немесе бірнешеуіне жауап беретін үлестес тұлғалар болған кезде:</i> - <i>Екінші деңгейдегі банктерде және (немесе) өзге қаржы институттарында міндеттемелері бар және/немесе өтініш берушінің міндеттемелері бойынша кепіл беруші/кепілгер ретінде әрекет етеді;</i> - <i>Өтініш берушімен (дебиторлық/кредиторлық берешекте кемінде 10% үлесі бар) фирмаішілік ақша қаражат көзі бар;</i> - <i>Өтініш берушімен бір өндірістік процеске қатысады;</i> - <i>АӨК субъектілері және Қоғамның әрекеттегі қарыз алушылары болып табылады,</i> Бұл үлестес тұлғалар осы қосымшаның 1.2., 1.5., 2.2., 2.3., 2.5.-тармақтарында бекітілген құжаттар көшірмелерін, сондай-ақ кредиттік бюроға келісім береді	Түпнұсқа не түпнұсқаның электронды көшірмелері
3.6.	<i>Егер жобада кепіл беруші/кепілгер/ қосалқы қарыз алушы көзделсе:</i> - заңды тұлғалар: осы қосымшаның 1.2., 1.3., 1.4., 1.5-тармақтарында көрсетілген құжаттар, сондай-ақ, кредиттік бюродан кредиттік есеп алуға және олар туралы кредиттік бюроға ақпарат беруге келіседі; - ЖК/ШҚ/ФҚ: осы қосымшаның 2.2., 2.3., 2.4., 2.5-тармақтарында көрсетілген құжаттар, сондай-ақ, кредиттік бюродан кредиттік есеп алуға және олар туралы кредиттік бюроға ақпарат беруге келіседі; - жеке тұлғалар: жеке басты куәландыратын құжат, жұбайының/зайыбының жеке басын куәландыратын құжат (бар болса), неке қию туралы куәлік (бар болса), сондай-ақ кредиттік бюродан кредиттік есепті беруге және олар туралы ақпаратты кредиттік бюроларға беруге келісім береді.	Түпнұсқа не түпнұсқаның электронды көшірмелері
3.7.	<i>Өтініш берушіде/кепіл берушіде/Кепілгерде/қосалқы қарыз алушыда шетелдік заңды тұлғалардың қатысушылары болған кезде, осы қосымшаның 1.3., 1.4-тармақтарында көрсетілген құжаттар немесе шет мемлекеттің уәкілетті мемлекеттік органдарында тиісті мемлекеттік тіркелгенін растайтын құжаттар (тізілім, куәлік) ұсынылады.</i> Бұл ретте, осы тұлғаларға мынадай талаптар қойылады: - ұсынылатын құжаттарға апостиль (қажет болған жағдайда); - ұсынылатын құжаттардың нотариалды куәландырылған аудармасы; - аудитор куәландырған қаржылық есептілік (бар болса); - көші-қон жөніндегі мемлекеттік органдардың рұқсат беру құжаттары (жұмысқа орналастыру жөніндегі квоталар) (Өтініш беруші-резиденттің басшысы шетел азаматы болған жағдайда).	
3.8.	<i>Қарыз алушының лицензияланатын қызметті жүзеге асыруы болған кезде:</i> - уәкілетті мемлекеттік орган берген лицензия.	көшірме

¹Осы тізбеде көрсетілген тиісті құжаттардың көшірмелерін көшірмелерді растайтын жоба менеджері салыстырып тексеруі және куәландыруы тиіс, ол мынадай: "түпнұсқамен салыстырып тексерілді. Көшірме дұрыс. _____ Кредиттік менеджердің Т.А.Ә., лауазымын көрсету, қолы _____.»;

²При положительном рассмотрении (на стадии оформления/заключения сделки) могут затребовать нотариально удостоверенные копии предоставляемых документов.

Сегментация заявителей физических лиц (ИП/КХ) для определения необходимости предоставления финансовой отчетности: Қарау оң шешілген жағдайда (ресімдеу/ мәміле жасасу сатысында) ұсынылатын құжаттардың нотариат куәландырған көшірмелері талап етілуі мүмкін.

Қаржылық есептілікті ұсыну қажеттілігін айқындау үшін жеке тұлғалардың (ЖК/ШҚ) өтініш берушілерін сегменттеу:

№	Критерийлер ¹	Жылдық орташа табыстылық ²	Салық салу режимі
	Қаржылық есептілік ұсыну		
1	Талап етілмейді	30 000 МРП-дан кем	Патент, жеңілдетілген салық режимі
2	Талап етіледі	30 000 МРП-дан артық	Жалпыға бірдей белгіленген салық режимі, ҚҚС төлеуші

¹ Қарыз алушыларды қаржылық есептілікті ұсыну мәніне сегменттеу кезінде, егер өтініш беруші бірінші жолдан бастап шарттардың кем дегенде біреуіне сәйкес келмесе, онда қаржылық есептілікті ұсыну талап етіледі;

² Жылдық орташа табыс деп жылдық жиынтық табыстардың немесе Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес қолданылатын кәсіпкерлік субъектілерінің табыстарының сомасы орташа жылдық табыс болып есептеледі, патент немесе оңайлатылған декларация негізінде, соңғы үш жылда үшке бөлінген арнайы салық режимі.

Жоғарыда көрсетілген құжаттар тізбесіне сәйкес Қазақстан Республикасы азаматтарының жеке басын куәландыратын құжаттар Қоғамның ААЖ мемлекеттік базамен интеграцияланғанға дейін ұсынылады.

Назар аударыңыз! Өтініш берушілердің назарына:

Толық көлемде ұсынылмаған және талаптарға сәйкес келмейтін, ақпараты дұрыс емес, соның ішінде дұрыс ресімделмеген (қол қойылмаған, мөрлерсіз және т.б.) құжаттар пакеттері қарауға қабылданбайды.

Осы құжаттар тізбесі толық болып табылмайды және қажет болған жағдайда "ҚазАгроҚаржы" АҚ Өтініш берушінің кредит қабілеттілігін, құқықтық мәртебесін бағалау үшін қажетті қандай да бір қосымша құжаттарды сұрату құқығын өзіне қалдырады.